



6 шілде-Астана күні

Құттықтау!

Болашағы жарқын қала

Құрметті аудан тұрғындары!

Сіздерді 6 шілде-Астана күнімен шын жүректен құттықтаймыз!

Биыл елордамыз-Астана қаласының құрылғанына 25 жыл толып отыр. Осы уақыт ішінде жас қаламыз бірлік пен берекенің символына айналып, сан-түрлі арман-қиялдарды жүзеге асырып, сан-қилы тағдырларды тоғыстырып жатқан



керемет те көркем қалаға айналды. Астана Тәуелсіз Қазақстанды әлемге танытты. Мұнда әлемдік көшбасшылардың кездесулері, аса өзекті саяси, экономикалық және әлеуметтік-мәдени мәселелер бойынша жоғары деңгейдегі халықаралық іс-шаралар өткізіліп келеді. Еліміздің орнықты даму жолдарын айқындап, халықтар арасындағы сенім мен өзара түсіністікті нығайту тетіктері қарастырылатын ортаға айналды. Әлем халықтарына мақтана көрсетер жетістіктерге қол жеткізді. Бүгінгі өмірдің талабына үндесе көтерілген ғимараттар көрген жанды баурап алады, көңілімізді шарықтатады.

Астана - болашағы жарқын қала. Бұл – отандастарымыздың ізгі үміттері ақталып, бақыт жолына бастайтын арман қала. Алға қойылған міндеттердің табыспен іске асырылуы Астананың одан әрі өркендеп, келешегі кемелдене түсуі үшін жаңа мүмкіндіктер ашатынына сеніміміз зор.

Қадірлі жерлестер!

Жаңа заманда жасампаздықпен қалыптасып жатқан астанамыз өсе берсін! Астана қайталанбас келбетімен, көз тартар сұлулығымен және ұшқыр жаңашылдығымен баршамызды қуанта түсері сөзсіз. Сіздерге зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, отбасыларыңызға бақ-береке тілейміз! Алдағы күндеріміздің бәрі жарық, жақсылық болғай!

Ізгі тілекпен:
М.ТҰРЫСБЕКОВ,
аудан әкімі.
О.ЖӘМИЕВ,
аудандық маслихат төрағасы.

Сот төрағасын қабылдады



Мемлекет басшысына өткен жартыжылдықта сот жүйесінің атқарған жұмысының қорытындылары туралы мәлімет берілді.

Асламбек Мерғалиев қылмыстық процестегі тараптардың жарыспалылығы мен тең құқылығы қағидатын жүзеге асыруға, қамалуға алудың баламалы жолы ретінде бұлтартпау шараларын қолдану аясын кеңейтуге, сот ісін жүргізуді бюрократиядан арылтуға, біріздендіруге және

оның ашықтығын қамтамасыз етуге бағытталған заңнамалық бастамалар туралы айтты.

Сонымен қатар Президентке ювенальды соттардың құзыретін кеңейту және сот актісінің күші жойылған кезде істі бірінші сатыдағы сотқа қайтармай, апелляцияның тиісті шешім қабылдауы туралы процессуалдық нормаларды дұрыс қолдану жөнінде баяндалды. Бұл жаңа нормалар қағазбастылықты, судья-

ның қателік жіберу жағдайларын азайтып, азаматтардың бұзылған құқығын тез арада қалпына келтіруге оң септігін тигізуге тиіс.

Мемлекет басшысы адам құқықтарының сотта қорғалуын қамтамасыз ету қажеттігіне және әділ сот жүйесіне сенімді арттыратын негізгі фактор ретінде соттардың тәуелсіздігіне айрықша назар аударды.

Ұлттық банк төрағасы Президентке есеп берді

Мемлекет басшысына Ұлттық банктің биылғы бірінші жартыжылдықта жүзеге асырған ақша-кредит саясатының алдын ала қорытындылары жөнінде есеп берілді.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа әлемдегі және Қазақстандағы экономикалық ахуал, инфляция факторлары мен оны төмендету үшін қабылданып жатқан шаралар, төлем балансының динамикасы, сондай-ақ БЖЗҚ, Ұлттық қор активтері мен алтын-валюта резервтерінің жай-күйі туралы баяндалды.

Ғалымжан Пірматовтың айтуынша, Ұлттық банк қабылдаған шаралардың нәтижесінде инфляция бәсеңдеп келеді және банк болжамына сай қалыптасып отыр.

Сонымен қатар Президентке Ашық банкінгі тәжырымдамасын қолданысқа енгізу және төлем нарығын реттеу мәселелері жөнінде мәлімет берілді.

Кездесу соңында Мемлекет басшысы ақша-кредит саясатын тиімді іске асыруға бағытталған міндеттер жүктеді.

Қазақстанда халық саны қанша?

Ұлттық статистика бюросы ел азаматтарының саны туралы нақтыланған мәліметтерді ұсынды.

Ведомство ұсынған деректерге қарағанда, 2023 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша ел халқының саны 19 879 003 адамды құрады.

Жыл басынан бері ел халқының саны 112 мың адамға өсті, оның 105 мыңы табиғи өсім есебінен болса (туылғандар саны өлгендер санынан асты), 6,9 мың адам – көшіп келген азаматтар.

Өңірлер арасында ең көп халық саны Алматы қаласында – 2 185 596 адам. Ха-



лық саны бойынша Түркістан облысы екінші орында тұр – 2 132 208 адам, Алматы облысы алғашқы үштікті – 1516506 адаммен түйіндеді.

Астана халық саны бойынша төртінші орында – 1 376 528 адам, Жамбыл облысы бесінші орында – 1 222 093 адам.

Халық санының ең жоғары өсімі Алматы (+23 694 адам), Астана (+21 972) қалаларында және Түркістан облысында (12 982) байқалды.

Халық саны Солтүстік Қазақстан (-977 адам), Шығыс Қазақстан (-425 адам) және Қостанай облыстарында (-374) азайды.

Айта кетейік, Қазақстан халқы 2022 жылы 261 845 адамға өсті.

«Созақ үні»-ақпарат.



жүзу, үстел теннисі, тоғыз-қымалақ, бильярд сынды спорт түрлері бойынша бақ сынады.

Түркістан облысының құрылғанына 5 жыл толуына орай ұйымдастырылған мемлекеттік қызметшілері арасындағы спорттық додада боз кілем үстінде аудан әкімдігінің ішкі саясат бөлімінің басшысы **Ерлан Райымқұлов** 90 келі салмақта бақ сынасып, жүлделі II орынға табан тіреді. Сонымен қатар, жерлесіміз, ҚР

СОЗАҚТЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕР ОБЛЫСТЫҚ СПАРТАКИАДА ЖҮЛДЕЛІ ОРЫНДАРДАН КӨРІНДІ

Түркістанда 23 маусым – мемлекеттік қызметшілер күніне арналған облыстық спартакиада өтті.

Спартакиада рухани Астанада орналасқан замана-

уи спорт кешендерінде өткізілді. Аудан, қала, облыстың басқармалары арасында мемлекеттік қызметкерлер арасында волейбол, кіші футбол, қазақ күресі,

АШМ Созақ аудандық аумақтық инспекциясының бас маман ветеринариялық санитарлық инспекторы **Болат Жолшыбеков** III орыннан бой көрсетті.

АУДАНДА АТҚАРЫЛЫП ЖАТҚАН ЖҰМЫСТАР ПЫСЫҚТАЛДЫ

Аудан әкімі Мұхит Тұрысбековтың төрағалығымен жиын өтті. Жиында бюджет қаржыларының игерілуі, жол жөндеу, көшені жарықтандыру, жүріп жатқан құрылыс нысандары, ауыз су, санитарлық тазалық сақтау секілді мәселелерге жеке дара тоқталып, бұл жөнінде атқарылып жатқан жұмыстарды назарға алды.

Бұдан бөлек басқада шешімін қажет ететін өзекті мәселелерді жан-жақты саралап, орынбасарлары мен жауапты мамандарға қосымша тапсырмалар жүктеді. Алдағы уақытта жасалып жатқан жұмыстар мен кез-келген түйткілді мәселелердің орындалу барысын назардан тыс қалдырмау керектігін ескертті.

Сондай-ақ халықтың әл-ауқатын арттыру мақсатында жүріп жатқан мемлекеттік бағдарламалар бойынша тұрғындар арасында түсіндіру жұмыстарын күшейтуді тапсырды.



ҚОҒАМДЫҚ ҚАБЫЛДАУ ӨТКІЗІЛДІ



Аудан әкімдігіне қарасты мемлекеттік органдармен ұсынылатын мемлекеттік қызметтердің көрсетілу сапасы және тұрғындардың цифрлық сауаттылығын арттыру басты назарда.

Осыған орай, Қазақстан Республикасы

Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Түркістан облысы бойынша департаментінің бастамасымен Созақ ауданы әкімі аппаратының ақпараттандыру және мемлекеттік қызмет көрсету мониторингі бөлімінің ұйымдастыруымен Созақ аудандық халыққа қызмет көрсету орталығының ғимаратында мемлекеттік көрсетілетін қызметтер саласы бойынша іс-шараға аудан әкімдігінің мемлекеттік қызмет көрсету саласына жауапты дербес бөлім қызметкерлері қатыстырылды.

Аталған іс-шарада тұрғындар тарапынан қойылған сұрақтарға сала мамандарымен тиісті жауаптар мен кеңестер беріліп, заңнама нормалары кеңінен түсіндірілді.

Аудан әкімінің баспасөз қызметі.



ҰЛТТЫҚ АСПАП ҰЛЫҚТАЛДЫ

Аудан әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінде Ұлттық домбыра күніне арналған «Әнімде сен, жырымда сен домбыра» атты мерекелік шара өтті.

Рухани құндылығы мол игі шарада Созақ жерінен шыққан атақты күйшілер жайында тағылымы терең әңгімелер айтылды.

Ахмет Жұбанов атындағы

балалар саз мектебінің ұстаздары мен шәкірттері күмбірте күй тартып, кітапхана оқырмандары әр қазақтың төрінен орын алған домбыра жайында өлең шумақтарын ортаға салды.

Шара қонақтарына сан ғасырдың сырын күмбірмен жеткізген ұлттық аспаптың құдіретін паш етіп, көтеріңкі көңіл-күй сыйлады.

ХАБАРЛАНДЫРУ

2023 жылдың 23 шілдеге тағайындалған Құмкент, Шу ауылдық округтеріне әкім лауазымына тіркелген кандидаттар

Тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе)	Туған жылы	Атқаратын лауазымы (кәсібі), жұмыс орны және тұрғылықты жері	Ұсыну тәсілі	Кандидат ретінде тіркелу күні
Құмкент ауылдық округі бойынша Балықбаев Ерзат Орынбасарұлы	27.02.1971 ж	Статист, "Құмкент ауылдық округі әкім аппараты ММ". Түркістан облысы, Созақ ауданы, Құмкент ауылдық округі, Жамбыл көшесі №15 үй	өзін-өзі ұсынуымен	02.07.2023 ж
Мейрманов Кайырбек Сарсенбекович	01.10.1986 ж	Бөлім басшысы, Созақ ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі. Түркістан облысы, Созақ ауданы, Шолаққорған ауылдық округі, С.Еспенбетов көшесі №40 үй	өзін-өзі ұсынуымен	02.07.2023 ж
Токмейлова Улбала Нурдилдаевна	08.07.1984 ж	Әлеуметтік мәселелер жөніндегі бас маман, «Құмкент ауылдық округі әкім аппараты ММ». Түркістан облысы, Созақ ауданы, Құмкент ауылдық округі, Абай көшесі №8 үй	өзін-өзі ұсынуымен	02.07.2023 ж
Шу ауылдық округі бойынша Досымбеков Данияр Макулбекович	06.04.1990 ж	Ауылдық округтің әкімі, «Шу ауылдық округі әкім аппараты ММ». Түркістан облысы, Созақ ауданы, Шу ауылдық округі, А.Иманов көшесі №9 үй	«AMANAT» партиясының ұсынуымен	02.07.2023 ж
Кәрібаев Аманәлі Мырзатайұлы	15.10.1977 ж	Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары, Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің «Ж.Каламбаев атындағы шағын жинақтық жалпы орта мектебі» КММ. Түркістан облысы, Созақ ауданы, Шу ауылдық округі, Тауке хан көшесі №46 үй	«Қазақстан Халық» партиясының ұсынуымен	02.07.2023 ж
Керімхан Елмұрат Темірханұлы	02.04.1995 ж	Бас маман, Қаратау ауылдық округі әкім аппараты ММ. Түркістан облысы, Созақ ауданы, Шолаққорған ауылы, Абай көшесі №103 үй	өзін-өзі ұсынуымен	02.07.2023 ж

Созақ аудандық аумақтық сайлау комиссиясы.

